

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 2 тамыздағы № 1016 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 қарашадағы № 1182 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.10 № 1182 (01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>	
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 2	ж ы л ғ ы 2	т а м ы з д а ғ ы
№ 1 0 1 6	қ а у л ы с ы м е н	
бекітілген		

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасында (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру): бүкіл мәтін бойынша «сауықтыру жоспары», «Сауықтыру жоспары», «сауықтыру жоспарлары», «сауықтыру жоспарында», «сауықтыру жоспарына», «сауықтыру жоспарларын», «сауықтыру жоспарында» деген сөздер «оңалту (сауықтыру) жоспары», «Оңалту (сауықтыру) жоспары», «оңалту (сауықтыру) жоспарлары», «оңалту (сауықтыру) жоспарында», «оңалту (сауықтыру) жоспарына», «оңалту (сауықтыру) жоспарларын», «оңалту (сауықтыру) жоспарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Кіріспе» деген 2-бөлімде:
жиырма екінші бөлікте:

үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Салалық органдар - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі және басқалар.

Оңалту (сауықтыру) жоспары – оңалту рәсімін, жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану кезінде борышкерді сауықтыруға бағытталған және кредит берушілердің талаптарын өтеу кестесін, сондай-ақ қол жеткізілетін нәтижелерді, пайдаланылатын ресурстарды және ықтимал тәуекелдерді қоса алғанда, іске асыру мерзімін көрсете отырып, жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және жұмыс орындарын сақтау мақсатында борышкер мен кредит берушілер, біртекті кредит берушілер арасындағы өзара келісім негізінде жүзеге асырылатын өзара байланысты іс-шаралар кешені.»;

он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Мониторинг жөніндегі консалтингтік компаниялар - қатысушыларды оңалту (сауықтыру) жоспарларын іске асыру мониторингін жүзеге асыру үшін мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес Уәкілетті орган тартатын компаниялар.» ;

«Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген 4-бөлімде:

«Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген кіші бөлімде:

2-тармақтың төртінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтары алынып т а с т а л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Кәсіпорынның Бағдарламаға қатысуына оң шешім қабылданған жағдайда кредит берушілер Кредит берушілер комитетін құрады. Егер талап ету құқықтары берешек сомасының 85 және одан көп пайызын құрайтын кредит беруші болған жағдайда, кредит берушілер комитеті құрылмауы мүмкін және шешімді осындай кредит беруші қабылдайды.

Кредит берушілердің кәсіпорынның Бағдарламаға қатысуына келісімі Кредит берушілер комитетінің шешімімен ресімделеді. Кредит берушілер комитетіне

қатысатын кредит берушілер кредит берушілер комитетіне қатысатын кредит берушілер талаптарының жалпы сомасына талаптар мөлшеріне барабар дауыстар санына ие болады. Міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қолданылуға жататын тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімпұлдар), төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыздар, қолдан шығарылған пайда түріндегі шығындар, сондай-ақ өзге де мүліктік және (немесе) қаржылық санкциялар кредит берушілер комитетінде дауыстар санын анықтау мақсаттары үшін есепке алынбайды.

Кредит берушілер кәсіпорынның Бағдарламаға қатысушыларды іріктеуге қатысу мүмкіндігімен келіспеген жағдайда кәсіпорын банкроттық туралы заңнамаға сәйкес сот оңалту рәсімін жүргізу үшін сотқа жүгіне алады.»;
он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Әлеуетті қатысушылардың өтініштерін қабылдау 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асырылады. Егер Бағдарламаға Бағдарлама талаптарына сәйкес келетін және холдингке кіретін бірнеше кәсіпорын қатысқан жағдайда, сараптамалық қорытындыны алуға және қатысуға құжаттар оларды басқарушы компанияның атынан тапсырылуы мүмкін.»;

3) тармақшаның бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Оңалту (сауықтыру) жоспарын консультант немесе әлеуетті қатысушы негізгі кредит берушімен бірлесіп оңалту (сауықтыру) жоспарын әзірлеуге шарт жасасқан күннен немесе екінші кезеңге тиісінше қатысуға жіберілгеннен бастап 6 айдан аспайтын мерзімде әзірлейді және оны Кредит берушілер комитеті б е к і т е д і , о л :

кәсіпорынның ағымдағы қаржылық жай-күйі мен оның қалыптасуы себептерінің с и п а т т а м а с ы н ;

кәсіпорынның кредит берушілері мен меншік иелері қабылдайтын шараларды ;

мемлекеттік қолдаудың қажетті болжамды шараларын (көлемі, мерзімі, кестесі және тағы басқалар) ;

жоспарланатын қаржы-экономикалық көрсеткіштер негізінде жасалған кредит берушілер берешегін өтеу кестесін ;

әлеуетті қатысушының кредит берушілері арасында аффилиирленген тұлғалардың болуы туралы мәліметтерді ;

қызметінің қаржы-экономикалық және өндірістік көрсеткіштерінің болжамын ;

к ү т і л е т і н н ә т и ж е н і ;

к ү т і л е т і н т ә у е к е л д е р д і ;

функционалдық бюджеттерді (мысалы: инвестициялар, маркетинг бюджеті, еңбек бойынша жоспар, салықтар бюджеті және басқалар) қоса бере отырып,

оларға енгізілген деректерді міндетті түрде егжей-тегжейлі сипаттай отырып, қаржы-экономикалық модельді (қаржылық есептіліктің негізгі форматтарының (кірістер мен шығыстардың бюджеті, ақша қозғалысының бюджеті, теңгерім парағының бюджеті) болжамын қамтитын MS Excel форматындағы құжат) қ а м т и д ы . » ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Әзірленген оңалту (сауықтыру) жоспарын әлеуетті қатысушының Кредит берушілер комитеті бекітеді.

Кредит берушілер комитеті бекіткен оңалту (сауықтыру) жоспары белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Сауықтыру кеңесі кәсіпорынның Бағдарламаға қатысуынан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Сауықтыру кеңесінің жұмыс органы немесе әлеуетті қатысушының кредит берушілер комитеті консультант қызметінің құнын төлеуді бірлесіп қаржыландыруға бағытталған бюджет қаражатын өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ банкроттық рәсіміне бастамашылық етуі мүмкін.

Кәсіпорын банкрот деп танылған жағдайда консультант қызметінің құнын төлеуді бірлесіп қаржыландыруға бағытталған бюджет қаражаты банкроттық туралы заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке өндіріп алуға ж а т а д ы . » ;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) Сауықтыру кеңесінің жұмыс органы оңалту (сауықтыру) жоспары келіп түскен күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде: әлеуетті қатысушының бюджетке төлейтін төлемдері бойынша қалыптасқан « төлем тарихы» туралы ақпарат жинауды жүзеге асырады; меншік иесінің, кредит берушілердің және мемлекеттің тарапынан қолдау шараларының тепе-теңдігін бағалау бөлігінде оңалту (сауықтыру) жоспарын және оның тиімділігін талдайды.

Меншік иесінің, кредит берушілердің және мемлекеттің тарапынан қолдау шараларының тепе-теңдігін бағалау бөлігінде оңалту (сауықтыру) жоспарын және оның тиімділігін талдау тараптар қолдауының келтірілген таза құнының есебін пайдалану негізінде әзірленген және уәкілетті орган бекіткен әдістемеге с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Оңалту (сауықтыру) жоспарының тиімділігі деп мыналар ұғынылады: сауықтыру жоспарының бюджеттік тиімділігі; сауықтыру жоспарының әлеуметтік тиімділігі (жұмыс орындарын барынша с а қ т а п қ а л у) ;

кәсіпорынның төлемге қабілеттілігін, кейіннен қаржылық тұрақсыздыққа жол бермеу және кредит берушілер алдындағы өз міндеттемелерін уақтылы орындау қ а б і л е т і н қ а л п ы н а к е л т і р у . » ;

8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Сауықтыру кеңесі Бағдарламаға әлеуетті қатысушының мәліметін Жұмыс органы енгізген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қарайды және 15 жұмыс күні ішінде Сауықтыру кеңесінің Жұмыс органының интернет-ресурстарына орналастыруға жататын шешім қабылдайды.

9) Сауықтыру кеңесінің теріс қорытындысын алған әлеуетті қатысушы бойынша Сауықтыру кеңесінің Жұмыс органы немесе әлеуетті қатысушының Кредит берушілер комитеті консультант қызметінің құнын төлеуді бірлесіп қаржыландыруға бағытталған бюджет қаражатын өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ банкроттық рәсіміне бастамашылық етуі мүмкін.

Кәсіпорын банкрот деп танылған жағдайда консультант қызметтерінің құнын төлеуді бірлесіп қаржыландыруға бағытталған бюджет қаражаты банкроттық туралы заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке өндіріп алуға ж а т а д ы .

Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша әлеуетті қатысушы мәртебесін алады

» ;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) Бағдарламаға қатысушылар Кредит берушілер комитетінің шешімі бойынша оңалту (сауықтыру) жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуі мүмкін, бұл ретте оңалту (сауықтыру) жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар кредит берушілердің және меншік иелерінің тарапынан қолдау шараларының көлемін азайтуды көздемейді.

Өзгертілген және (немесе) толықтырылған оңалту (сауықтыру) жоспары оны кейіннен Сауықтыру кеңесінде қарау және мақұлдау үшін тиісті өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекіту туралы Кредит берушілер комитеті шешімдерінің көшірмелерін қоса бере отырып, Сауықтыру кеңесінің жұмыс о р г а н ы н а ұ с ы н ы л а д ы .

Егер мемлекет тарапынан қолдау шаралары ұлғаймаған жағдайда, Бағдарламаға қатысушының кредиторлары мен меншік иелері оңалту (сауықтыру) жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізбестен қосымша қолдау шараларын көрсете алады.»;

4 - т а р м а қ т а :

төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктер мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Кәсіпорын кредиторлар комитетінің кәсіпорынның Бағдарламаға қатысуға келісетіні туралы шешімінің және Сауықтыру кеңесінің (оларға қатысты сот оңалту рәсімі қолданылған кәсіпорындардан басқа) шешімінің көшірмелерімен қоса кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредиторлардың талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы сотқа арыз

ж о л д а й д ы .

Сот кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредиторлардың талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы шешімі алынып, ол Сауықтыру кеңесінің жұмыс органына ұсынылғаннан кейін ақша түріндегі мемлекеттік қолдау шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі және уәкілетті органның, Бағдарламаға қатысушының, меншік иесінің (меншік иелерінің), субсидиялау бойынша оператор мен кредиторлардың арасында жасалатын келісімдерде ресімделеді.

Кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредиторлардың талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы сот шешімі ұсынылмаған жағдайда мемлекеттік қолдау шаралары қолданылмайды. Сауықтыру кеңесі қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы шешім қабылдайды. Сауықтыру кеңесінің жұмыс органы немесе әлеуетті қатысушының кредиторлар комитеті консультант қызметінің құнын төлеуді бірлесіп қаржыландыруға бағытталған бюджет қаражатын өндіріп алу бойынша шаралар қабылдайды, сондай-ақ банкроттық рәсіміне бастамашылық етуі мүмкін.

Кәсіпорын банкрот деп танылған жағдайда консультант қызметінің құнын төлеуді бірлесіп қаржыландыруға бағытталған бюджет қаражаты банкрот туралы заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке өндіріп алуға жатады.

»

;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

«Кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредиторлардың талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы сот шешімі болмаған кезде мемлекеттік қолдау шаралары егер Бағдарламаның осы бөлімінің 5-тармағында көзделген түзетулер кәсіпорын Бағдарламаның қатысушысы деп танылғанға дейін қабылданбаған жағдайда, мемлекеттік қолдау шаралары қолданылмайды. Бұл ретте, жоғарыда көрсетілген түзетулер қабылданғаннан кейін қатысушы кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредиторлардың талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы с о т қ а а р ы з ж о л д а й д ы . » ;

он жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Субсидиялау Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1031 қаулысымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасына сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы . » ;

5-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бағдарламада қойылған міндеттерді шешу мақсатында банкроттық саласындағы заңнамаға сауықтыру (оңалту) сот рәсімін қолдануға қатысты

өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредиторлардың талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу мүмкіндігі көзделетін болады. » ;

6-тармақтың үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын :

«Бағдарламаға қатысушыларды оңалту (сауықтыру) жоспарларының іске асырылуын мониторингтеу нәтижелерін жұмыс органы жылына кемінде бір рет Сауықтыру кеңесіне шығарады.

Бағдарламаға қатысушыларды оңалту (сауықтыру) жоспарларының іске асырылуын мониторингтеу барысында мүдделі тараптардың оңалту (сауықтыру) жоспарын орындамағаны не сауықтыру (оңалту) жоспарының нәтижелеріне қол жеткізілмегені анықталған жағдайда Сауықтыру кеңесі қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы шешім шығарады. Сауықтыру кеңесінің шешімі ол қабылданған кезден бастап 15 жұмыс күні ішінде Бағдарламаға қатысушыға жеткізіледі .

Сауықтыру кеңесінің қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы шешімінің негізінде Сауықтыру кеңесінің жұмыс органы кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредиторлардың талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін жою туралы өтінішімен сотқа жүгінеді және оңалту (сауықтыру) жоспарын орындау шеңберінде, оның ішінде консультанттардың қызметіне ақы төлеуді бірлесіп қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражатын өндіріп алу бойынша шаралар қабылдайды, сондай-ақ банкроттық рәсіміне бастамашылық етуі мүмкін.

Кәсіпорын банкрот деп танылған жағдайда оңалту (сауықтыру) жоспарын орындау шеңберінде, оның ішінде консультанттардың қызметіне ақы төлеуді бірлесіп қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражаты банкроттық туралы заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке өндіріп алуға жатады. » ;

«Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс–шаралар жоспары» деген 7-бөлімде: реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

10	Бағдарламаға әлеуетті қатысушылардың өтініштерін қабылдау	Жұмыс органы (Қаржымині), Әлеуетті қатысушылар	(Бағдарламаға қатысуға арналған өтініш	2013 жылғы 1 қаңтарға дейін
----	---	---	---	-----------------------------

» .

2. «Сауықтыру жөніндегі кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 маусымдағы № 660 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген Сауықтыру жөніндегі кеңес туралы ережеде:

бүкіл мәтін бойынша «сауықтыру жоспарын», «сауықтыру жоспарларын», «сауықтыру жоспарлары» деген сөздер тиісінше «оңалту (сауықтыру) жоспарын», «оңалту (сауықтыру) жоспарларын», «оңалту (сауықтыру) жоспарлары» деген сөздермен ауыстырылсын».

3. «Салалық органдардың кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 711 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 43, 569 құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Салалық органдардың кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды беру қағидаларында:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) салалық органдар – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі және басқалар;»;

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) кәсіпорынның тиісті салада қызметті жүзеге асыратынын растау.».

4. «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде консультанттардың қызметтеріне ақы төлеуді республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру қағидасын бекіту және «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 шілдедегі № 783 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 46, 621-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде консультанттардың қызметтеріне ақы төлеуді республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру қағидаларында:

бүкіл мәтін бойынша «сауықтыру жоспары», «сауықтыру жоспарын» деген сөздер тиісінше «оңалту (сауықтыру) жоспары», «оңалту (сауықтыру) жоспарын

» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) оңалту (сауықтыру) жоспары – кредиторлардың талаптарын өтеу кестесін, сондай-ақ қол жеткізілетін нәтижелерді, пайдаланылатын ресурстар мен ықтимал тәуекелдерді қоса, іске асыру мерзімін көрсете отырып, жұмыс істейтін кәсіпорындардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және жұмыс орындарын сақтау мақсатында борышкер мен кредиторлардың, біркелкі кредиторлар тобының арасындағы өзара келісудің негізінде жүзеге асырылатын және оңалту рәсімін, жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану кезінде борышкерді сауықтыруға бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені;».

5. «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасын бекіту және «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1031 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж . , № 53 , 755 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасында:

бүкіл мәтін бойынша «сауықтыру жоспары», «сауықтыру жоспарымен», «сауықтыру жоспарын» деген сөздер тиісінше «оңалту (сауықтыру) жоспары», «оңалту (сауықтыру) жоспарымен», «оңалту (сауықтыру) жоспарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«оңалту (сауықтыру) жоспары – кредиторлардың талаптарын өтеу кестесін, сондай-ақ қол жеткізілетін нәтижелерді, пайдаланылатын ресурстар мен ықтимал тәуекелдерді қоса алғанда, іске асыру мерзімін көрсете отырып, жұмыс істейтін кәсіпорындардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және жұмыс орындарын сақтау мақсатында борышкер мен кредиторлардың, біркелкі кредиторлар тобының арасындағы өзара келісудің негізінде жүзеге асырылатын және оңалту рәсімін, жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану кезінде борышкерді сауықтыруға бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені;»;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«субсидиялау шарты – уәкілетті орган, субсидиялау жөніндегі оператор, меншік иесі (меншік иелері) қаржы ұйымы (облигацияларды ұстаушы) мен қатысушы арасында жасалатын жазбаша келісім, оның талаптары бойынша

субсидиялау жөніндегі оператор қатысушы қаржы ұйымына кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақы, Қазақстан қор биржасында орналастырылған облигациялар бойынша купон ретінде төлейтін шығыстарды ішінара өтеуге арналған ақшалай қаражатты аударарды;»;

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«өтеу кестесі – субсидиялау жөніндегі оператор аударатын және қаржы ұйымына қатысушы төлейтін барлық төлем сомалары көрсетілген, субсидиялау шартының ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесі.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Оң бағамдық айырма болашақ субсидиялар есебіне жатқызылады, теріс бағамдық айырма Бағдарламаға қатысушының қаражаты есебінен өтеледі. Бағамдық айырманы айқындау кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша және қаржы ұйымының субсидиялау жөніндегі оператордың арнаулы ағымдағы шотынан ақшалай қаражатты есептен шығарған не облигациялар ұстаушының ақшалай қаражатын субсидиялау бойынша оператордың аударған күнгі валюта бағамы есепке алынады. Осы ретте қаржы ұйымы субсидиялау жөніндегі оператордан комиссияларды, алымдарды және (немесе) субсидиялау жөніндегі оператордың арнаулы есепті және ағымдағы шотынан ашылатын (ашу, қызмет көрсету, жүргізу, жабу) өзге де төлемдерді өндіріп алмайды.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Субсидиялау, инфрақұрылымдық облигациялар бойынша міндеттемелерді қоспағанда, қаржылай кредит берушілердің оңалту (сауықтыру) жоспарына сәйкес қатысушының міндеттемелерін қайта құрылымдаудың міндеттілігі ш а р т т а р ы м е н б е р і л е д і . » ;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде қаржы ұйымдарына қатысты осы Қағидалардың ережелері облигацияларды ұстаушыға қ о л д а н ы л а д ы .

Инфрақұрылымдық облигациялар бойынша купонды субсидиялау жүзеге а с ы р ы л м а й д ы . » ;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қатысушы кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредит берушілердің талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы сот шешімі берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде субсидиялау жөніндегі операторға Сауықтыру жөніндегі кеңес шешімінің, оңалту (сауықтыру) жоспарына сәйкес жүргізілген қайта құрылымдауды ескере отырып, қатысушының қарыз алуын өтеу кестелері негізінде жасалған өтеу кестелерін қосқанда, субсидиялау шарты жобасының көшірмелерін қоса бере отырып, осы

Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтінімді
б е р е д і .

Субсидиялауға арналған өтінім Бағдарламада белгіленген жағдайларда кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредит берушілердің талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы сот шешімін ұ с ы н б а й б е р і л у і м ү м к і н .

13. Қатысушы субсидиялауға өтінім берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның негізінде субсидиялау жөніндегі оператор сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін, ал қатысушы - сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін төлейтін өтеу кестесін қоса бере отырып, субсидиялау шарты жасалады. Қаржы ұйымы субсидиялау шарты жасалған сәттен бастап бір күн ішінде арнайы ағымдағы шотты ашады.

Өтеу кестесіне субсидиялау шартына қосымша келісім жасау жолымен өзгерістер м ы н а д а й :

1) оңалту (сауықтыру) жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар е н г і з і л г е н ;

2) егер мемлекет тарапынан қолдау көрсету шаралары ұлғайтылмаған жағдайда, оңалту (сауықтыру) жоспарына өзгерістер енгізбей, кредит берушілер мен меншік иелері тарапынан қосымша қолдау шаралары көрсетілген жағдайда е н г і з і л у і м ү м к і н . » ;

16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Субсидиялау жөніндегі оператор субсидиялау үшін ақша қаражатын қаржы ұйымдарына арнайы ашылған ағымдағы шоттарға тоқсан сайын аванстық төлемдермен, алдағы тоқсандағы айдың бірінші күніне дейінгі мерзімде, оның ішінде уәкілетті органның ақша қаражатын уақтылы аударуы шартымен қатысушылардан өтінімдердің түсуіне қарай аударлады.

Осы тәртіп облигациялар бойынша купонды субсидиялауға қолданылмайды.

17. Қатысушы сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесіне сәйкес төлеген кезде қаржы ұйымы сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеуге арналған ақша қаражатын қатысушыдан төлем түскен күні субсидиялау жөніндегі оператордың арнаулы ағымдағы шотынан есептен шығаруды жүзеге асырады.

Осы тәртіп облигациялар бойынша купонды субсидиялауға қолданылмайды.

18. Қаржы ұйымы субсидиялау жөніндегі оператор мен уәкілетті органды қатысушының сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесіне сәйкес төлегені немесе қатысушының өтеу кестесін бұзғаны туралы төлем күнінен кейінгі күннен кешіктірмей осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша хабардар етеді.

Облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде субсидиялау жөніндегі оператор сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін қатысушының төлегені туралы жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ақша қаражатын уәкілетті орган уақтылы аудару шартымен өтеу кестесіне сәйкес облигацияларды ұстаушының арнайы ағымды шотына а у д а р а д ы . » ;

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Қатысушы кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар бойынша купон бойынша төлемді, оның ішінде сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде белгіленген мерзімде төлемеген ж а ғ д а й д а :

1) қаржы ұйымы қатысушы берешекті өтегенге дейін субсидиялау жөніндегі оператордың арнаулы ағымдағы шотынан субсидиялау үшін ақшалай қаражатты есептен шығаруды жүргізбейді (субсидиялау жөніндегі оператор облигацияларды ұстаушының арнайы ағымды шотына ақша қаражатын аударуды тоқтатады) және өтеу кестесіне төлем күнінен кейінгі күннен кешіктірілмейтін мерзімде субсидиялау жөніндегі операторды бұл туралы хабардар етеді;

2) кредит немесе лизингтік операциялар бойынша субсидиялау ставкасы кезінде қатысушының кредит, лизингтік операциялар бойынша төлемді, оның ішінде сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде төлемегені туралы хабарламасын алған күні субсидиялау жөніндегі оператор қаржы ұйымының сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін төлеуді тоқтата тұрады және ол туралы уәкілетті органды хабардар етеді;

3) облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде - субсидиялау жөніндегі оператор облигация ұстаушының қатысушының облигациялар жөніндегі купон бойынша төлемді, оның ішінде өтеу кестесінде көрсетілген мерзімдерде субсидияланбайтын бөлікті төлемегені туралы хабарлама алған күні бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

21. Қатысушы кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар жөніндегі купон бойынша мерзімі өтіп кеткен төлемдерді, оның ішінде пайыздық ставканың субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесі бойынша толық төлеген жағдайда қаржы ұйымы мерзімі өткен төлемдер толық төленген күннен кейінгі күннен кешіктірмей бұл туралы субсидиялау жөніндегі оператор мен уәкілетті органды жазбаша хабардар етеді.

Уәкілетті орган қаржы ұйымының жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде субсидиялау жөніндегі операторға сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін төлеуді жаңғырту туралы ж а з б а ш а х а б а р л а м а жібереді.» ;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«24. Субсидиялауды тоқтату туралы шешімді Сауықтыру кеңесі қабылдайды.
» ;

көрсетілген Қағидаға 1-қосымшада:
«Қатысушы туралы мәліметтер» деген 1-бөлім мынадай мазмұндағы 1.7-
ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«

1.7	Сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялаудың жалпы сомасы оңалтудың (сауықтырудың) барлық кезеңіне арналған өтеу кестесіне сәйкес (валюта)	
-----	---	--

» ;
«Қаржылық ұйым туралы мәліметтер» деген 2-бөлімде:
бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Қаржы ұйымы/облигацияларды ұстаушылар туралы мәліметтер»;
2.6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2.6	Қарыз (лизинг) шартының нөмірі мен күні/облигацияларды шығару проспектісі	
-----	---	--

» ;
«Өтінімге қосымша» деген 3-бөлімдегі 3.2-жол мынадай редакцияда
ж а з ы л с ы н :

«

3.2	Оңалту (сауықтыру) жоспарына сәйкес жүргізілген қайта құрылымдауды ескере отырып, қатысушының қарыздарын өтеу кестелері негізінде жасалған өтеу кестесін қоса алғанда, субсидиялау шартының жобасы	
-----	--	--

» ;
көрсетілген Қағидаға 2-қосымша:
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

Бұдан әрі «Министрлік» деп аталатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі атынан «Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, жауапты хатшысы және вице-министрлерінің арасында міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің _____ жылғы «___» _____ №___ бұйрығының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеге сәйкес әрекет ететін Қаржы вице-министрі _____ бір тараптан, сондай-ақ бұдан әрі «Компания» деп аталатын «Активтерді басқару және оңалту компаниясы» акционерлік қоғамы атынан Жарғының негізінде әрекет ететін Президент _____ екінші тараптан, бұдан әрі «Қаржы ұйымы» (Облигацияларды ұстаушы) деп аталатын _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____

_____ үшінші тараптан, және бұдан әрі «Меншік иесі» деп аталатын _____ атынан _____, негізінде әрекет ететін _____ төртінші тараптан және бұдан әрі «Қатысушы» деп аталатын _____ атынан _____, негізінде әрекет ететін _____ бесінші тараптан, бірлесіп бұдан әрі «Тараптар», ал жекелеп алғанда «Тарап» деп аталатын, Сауықтыру кеңесінің 20__ жылғы «__» _____ шешімін орындау үшін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасына (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) (бұдан әрі – Бағдарлама), Бағдарлама шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес төмендегілер туралы осы Субсидиялау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:»;

1.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1.1. Осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесіне сәйкес қатысушының қаржы ұйымына (облигацияларды ұстаушыға) кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақы, Қазақстан қор биржасында орналастырылған облигациялар бойынша купон ретінде төлейтін шығыстарды ішінара өтеуге арналған ақша қаражатын (бұдан әрі – сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау) компанияның қаржы ұйымына (облигацияларды ұстаушыға) төлеуді жүзеге асыруы.».

2 . 2 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қатысушының сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігінің төлеу мерзімі өткен бөлігін толық көлемде өтегені туралы қаржы ұйымы (облигацияларды ұстаушы) хабарлаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде компанияның субсидиялар төлеуді жаңартатыны туралы жазбаша түрде х а б а р л а у ғ а ; » ;

б) тармақша алынып тасталсын;

7) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қатысушы кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша негізгі берешегін толық (мерзімінен бұрын толық) өтеген, Қазақстан қор биржасында орналастырылған облигацияларды мерзімінен бұрын толық сатып алған жағдайда субсидиялар төлеуді тоқтатуға міндетті.»;

2.3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қатысушы мен Қаржы ұйымынан (облигацияларды ұстаушыдан) өтеу кестесіне сәйкес сыйақыны өтеу жөніндегі қажетті құжаттар мен ақпаратты алуға қ ұ қ ы л ы . » ;

2 . 4 - т а р м а қ т а :

2), 3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) кредит немесе лизингтік операциялар бойынша ставканы субсидиялау кезінде - уәкілетті орган ақша қаражатын уақтылы аударған жағдайда, қатысушылардан өтінімдердің түсуіне қарай Компанияның арнаулы ағымдағы шотына сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау үшін ақша қаражатын тоқсан сайын алдағы тоқсандағы айдың бірінші күніне дейінгі мерзімде аванстық төлемдермен Қаржы ұйымына аударуға;

облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде – уәкілетті орган ақшалай қаражатты уақтылы аударған жағдайда Қатысушының облигацияны ұстаушысының арнайы ағымдағы шотына сыйақының пайыздық ставкасын субсидияланбайтын бөлігін кестеге сәйкес мерзімде және мөлшерде төлегенде сонымен қатар Қатысушымен толық көлемде мерзімі асып кеткен қарызды төлегені үшін ай сайын ақшалай қаражатты аударуға;

3) Қаржы ұйымынан (облигациялар ұстаушыдан) Қатысушының кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар бойынша купон бойынша төлемді, оның ішінде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде уақтылы төлемегені туралы хабарламаны алған күні сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін Қаржы ұйымына (Облигациялар ұстаушыға) төлеуді тоқтатуға және Министрлікті хабардар етуге;

4) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне Министрлікке Бағдарламаны іске асыру шеңберінде пайыздық ставканы субсидиялау туралы ақпаратты осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынуға;»;

5) тармақша алынып тасталсын;

2.5-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2.5 Қаржы ұйымы (Облигациялар ұстаушы):»;

2 . 6 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2.6 Қаржы ұйымы (Облигациялар ұстаушы):»;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кредит немесе лизингтік операциялар бойынша ставканы субсидиялау кезінде - осы Шарт жасалған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялауға арналған Компанияның арнаулы ағымдағы шотын ашуға;

облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде - осы Шарт жасалған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялауға арналған өзінің арнаулы ағымдағы шотын екінші деңгейдегі банкте ашуға;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) Компанияның ашылатын (ашу, қызмет көрсету, енгізу) арнаулы ағымды шоты үшін Компаниядан комиссиялар, алымдар және (немесе) басқа төлемдер

а л м а у ғ а ; » ;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеуге арналған Компанияның ақшалай қаражаты есебінен сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеуді жүргізбеуге;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қатысушы өтеу кестесіне сәйкес мерзімде және мөлшерде сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін төлеген кезде, оның ішінде Қатысушы мерзімі өткен берешекті толық өтеген кезде, Компанияның арнаулы ағымдағы шотынан ақшалай қаражатты уақтылы есептен шығаруды қамтамасыз е т у ғ е ; » ;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қатысушы кредит бойынша төлемді, оның ішінде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде төлемеген жағдайда, Компанияның арнаулы ағымдағы шотынан субсидиялау үшін ақша қаражатын Қатысушы берешегін өтегенге дейін алмауға және өтеу кестесі бойынша төлем күнінен кейінгі күннен кешіктірмей Компанияны хабардар етуге;» ;

7) тармақша алынып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай Компанияға есепті айға пайыздық ставканы субсидиялау туралы ақпаратты осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынуға;»;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Қаржы ұйымының (облигациялар ұстаушының) заңды мекенжайы, пошталық және банктік деректемелері, сондай-ақ іс жүзіндегі мекенжайы өзгерген кезде осындай өзгерістер туралы тараптарға бес жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Хабардар етпеген және (немесе) уақтылы хабардар етпеген жағдайда туындауы мүмкін салдарлар үшін Қаржы ұйымы (облигациялар ұстаушы) жауапты болады;»;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13. Қатысушыға оңалту (сауықтыру) жоспарында көзделген қолдау шараларын ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і . » ;

мынадай мазмұндағы 2.6-1-тармақпен толықтырылсын:

« 2 . 6 - 1 . М е н ш і к и е с і :

1) Қатысушыға оңалту (сауықтыру) жоспарында көзделген қолдау шараларын ұ с ы н у ғ а ;

2) осы Шарттың талаптарын орындауға әсер етуге қабілетті барлық жағдайлар туралы осы Шарттың Тараптарына уақтылы хабарлауға;

3) осы Шарт Тараптарының талабы бойынша өтеу кестесін орындауға байланысты қажетті барлық құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті.»;

2.8-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) Сауықтыру кеңесі Қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы шешім қабылдаған жағдайда, сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялауға арналған оңалту (сауықтыру) жоспарын орындау шеңберінде тартылған ақшалай қаражатты республикалық бюджетке отыз күн мерзімде қайтаруға міндетті.»;

10-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Министрлік:	Компания:	Қаржы ұйымы (облигациялар ұстаушы):	Меншік иесі:	Қатысушы:

Ескертпе: Облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде субсидиялау шартында 2.6-тармақтың 1-1), 2), 2-1), 4), б) тармақшаларында көзделген міндеттер Облигациялар ұстаушыға қолданылмайды.»;

Субсидиялау шартының 2-қосымшасы осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілген Қағидаға 4-қосымшамен толықтырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 т а м ы з д а ғ ы
 № 1 0 1 6 қ а у л ы с ы н а
 1-қосымша
 С у б с и д и я л а у ш а р т ы н а
 2-қосымша

Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) іске асыру шеңберінде 20 ____ жылғы ____ пайыздық ставканы субсидиялау туралы ақпарат

						Есепті айдың соңына негізгі берешек қалдығы /Есепті айдың соңына орналастырылған облигациялардың номиналдық құны	Есепті айда өтелетін негіз борыш сома Есепті айда сатып алынатын облигациялар
		Субсидилау шартының	Сыйақы ставкасы				

№ р/б	Қатысушының атауы	шартының нөмірі және жасалған күні	Ставкасы (%) (5-бағ.+бағ.)	Субсидияланатын сыйақы ставкасы (%)	Субсидияланбайтын сыйақы ставкасы (%)	Номиналдық құны	
1	2	3	4	5	6	7	8

Басшы _____

М.О. (Аты-жөні, тегі) (қолы)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2

т а м ы з д а ғ ы

№ 1 0 1 6 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Дағдарыстан кейін қалпына

келтіру бағдарламасы

(бәсекеге

қабілетті кәсіпорындарды

сауықтыру) шеңберінде

сыйақының пайыздық

ставкасын

субсидиялау қағидасына

4-қосымша

(Субсидиялау жөніндегі оператор)

ХАБАРЛАМА

_____ (Қаржы ұйымы/Облигацияларды ұстаушы)

20 _____ № _____ субсидиялау шартының ажырамас бөлігі

болып табылатын өтеу кестесі бойынша міндеттемелерді

_____ орындағаны/толық көлемде

(Бағдарламаға қатысушы) күні, айы, жылы

орындамағаны/орындамағаны туралы хабарлайды (керегін сызыңыз).

Қатысушы іс жүзінде төлеген сома _____ теңгені құрайды, оның

і ш і н д е :

негізгі борышты төлеу/Сатып алынған облигациялардың номиналды
қ ұ н ы _____ т е ң г е ;

субсидияланбайтын сыйақы ставкасын төлеу _____ теңге.

Субсидияланатын сыйақы ставкасының іс жүзіндегі сомасы _____
теңге.

Басшысы _____